



Қазақстан Республикасы прокуратурасының сыйыптық шендері бар прокурорлары мен тергеушілерін, ғылыми мекемелері мен оқу орындарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1995 жылғы 12 мамыр N 2278.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677
Жарлығымен. ~U010677

Прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандыру тәртібін реттеу мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасы прокуратурасының сыйыптық шендері бар прокурорлары мен тергеушілерін, ғылыми мекемелері мен оқу орындарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі туралы ереже (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасы

Президентінің

1995 жылғы 12 мамырдағы

N 2278 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы прокуратурасының сыйыптық шендері бар прокурорлары мен тергеушілерін, ғылыми мекемелері мен оқу орындарының қызметкерлерін және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру тәртібі туралы

Ереже

I. Жалпы ереже

1. Бұл Ереже Қазақстан Республикасы прокуратурасының сыйыптық шендері бар прокурорларын, тергеушілерін, ғылыми мекемелері мен оқу орындарының қызметкерлерін (әрі қарай - прокуратура қызметкерлері) және олардың отбасы мүшелерін зейнетақымен қамсыздандыру жұмысын ұйымдастыруды және оның ерекшеліктерін белгілейді.

"Қазақ КСР азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР-інің 1991 жылғы 17 маусымдағы N 675-XII Заңы, "Ішкі істер органдарының әскери қызметшілерін, басшы және қатардағы құрамының адамдарын, олардың отбасыларын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1910-XII Заңы, "Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, басшы және қатардағы құрамының адамдарына, олардың отбасыларына қызмет еткен жылдарын есептеу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту жөніндегі" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 25 мамырдағы N 429 Қаулысы Қазақстан Республикасы прокуратура органдарының қызметкерлерін зейнетақымен қамсыздандырудың құқылық негізі болып табылады.

2. Прокуратура қызметкерлері қолданылып жүрген зандарға сәйкес қызмет еткен жылдары үшін зейнетақы алуға - мүгедек болып қалғандары мүгедектігіне байланысты зейнетақы алуға, ал оның отбасы мүшелері - асыраушысынан айырылғанына байланысты зейнетақы алуға құқылы.

3. Осы Ережеге сәйкес тағайындалатын зейнетақыны алуға мыналар құқылы:

- Қазақстан Республикасының Бас прокуроры, облыс прокуроры, Алматы қаласының прокуроры, қала прокуроры, аудан прокуроры, облыстардың, қалалардың немесе аудандардың прокурорларына теңестірілген басқа прокурорлар, олардың орынбасарлары, аға көмекшілері және көмекшілері, прокуратуралар басқармаларының, бөлімдерінің бастықтары, олардың орынбасарлары (тиісінше прокурорлардың аға көмекшілері және көмекшілері болып табылатын), осы басқармалардың, бөлімдердің аға прокурорлары мен прокурорлары, аға прокурор-криминалистер, прокурор-криминалистер және олардың отбасы мүшелері;

- ерекше маңызды істер жөніндегі аға тергеушілер және ерекше маңызды істер жөніндегі тергеушілер, аға тергеушілер, тергеушілер және олардың отбасы мүшелері;

- ғылыми-зерттеу институтының директоры, оның орынбасарлары, ғалым хатшы, ғылыми-зерттеу бөлімдерінің, кафедраларының, секторларының, лабораторияларының менгерушілері және олардың орынбасарлары, бас ғылыми қызметкерлер, жетекші ғылыми қызметкерлер, аға ғылыми қызметкерлер,

ғылыми қызметкер, кіші ғылыми қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері;

- біліктілікті арттыру институтының директоры, оның орынбасарлары, кафедралардың менгерушілері, профессорлар, доценттер, аға оқытушылар, оқытушылар, асистенттер және олардың отбасы мүшелері;

- Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, Президентінің және Министрлер Кабинетінің аппараттарына белгіленген тәртіппен уақытша іссапарға жіберілген прокуратураның кадры болып табылатын қызметкерлер және олардың отбасы мүшелері.

4. Сыныптық шенінен айырылған прокуратура қызметкерлеріне зейнетақы "Қазақ КСР азаматтарын зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақ КСР-інің 1991 жылғы 17 маусымдағы N 675-XII Заңында белгіленген негіздерде тағайындалады.

II. Қызмет еткен жылдары, зейнетақыны есептеу және тағайындау

5. Зейнетақы тағайындалатын қызмет еткен жылдарға қызметтің (жұмыстың) мына кезеңдері есептелінеді:

- осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген қызметте - қызметке тағайындалған, сондай-ақ стажер есебінде жұмысқа тағайындалған күннен бастап (бұрынғы КСР Одағының және ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің прокуратура органдарындағы жұмысын қоса есептегендеге);

- судья болған;
- 5 жылға дейінгі мөлшерде жоғары заң оқу орнында күндіз оқыған уақыты - бір жыл окуы алты ай есебінде, егер окуды бітіргеннен кейін прокуратураға қызметке түрса;

- Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 25 мамырдағы N 429 қаулысымен бекіткен Ішкі істер органдарының әскери қызметшілеріне, басшы және қатардағы құрамының адамдарына, олардың отбасыларына қызмет еткен жылдары есептеу, зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау және төлеу тәртібі туралы Ережеде көрсетілген кезеңдер.

6. Прокуратура қызметкерлері, олардың отбасы мүшелері Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының, облыстар прокуратуralарының және оларға теңестірілген прокуратуralардың тиісті қызметтеріне зейнетақы тағайындау жөнінде арыз береді.

7. Осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдарға зейнетақы олар прокуратура органдарынан, ғылыми мекемелер мен оқу орындарынан босатылған жағдайда, сол жұмыстан босаған орны бойынша немесе тұрғылықты жері бойынша тағайындалады.

8. Зейнетақы прокуратура қызметкерлерінің жұмыстан босар алдындағы соңғы штаттық қызметтегі ақшалай табысы бойынша есептелінеді.

Ақшалай табысқа: соңғы қызметтегі лауазымдық айлық ақы, сыйныптық шен мен қызмет еткен жылдарға үстеме төлем, тұрақты тұрде берілетін қосымша ақша, зейнетақы тағайындалған немесе қайта есептелген құнгі азық-тұлік паегының құны кіреді.

9. Денсаулығына немесе ұйымдық-штаттық шараларға байланысты кемінде үш жыл атқарған қызметтінен лауазымдық айлығы аз қызметке белгіленген тәртіпте ауыстырылған, сол кезде қызмет істеген жылдары үшін зейнетақы алуға құқылы аға заң кеңесшісі және одан жоғары сыйныптық шені бар адамдарға, кейін қызметтен босатылғанда зейнетақы Қазақстан Республикасы Бас прокурорының шешімімен олардың ауысқанға дейінгі штаттық қызметіндегі айлығы бойынша есептелуі мүмкін.

III. Зейнетақымен қамсыздандыру жұмысын ұйымдастыру

10. Прокуратура органдарында зейнетақымен қамсыздандыру жұмысын ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Бас прокуроры белгілейді.

11. Прокуратура органдарының зейнетақымен қамсыздандыру қызметіне мыналар жүктеледі:

- прокуратура органдарының қызметкерлеріне және олардың отбасы мүшелеріне зейнетақы мен жәрдемақыны заңға сәйкес уақтылы тағайындау, қайта есептеу және төлеу;
- зейнеткерлердің және зейнетақылық істердің жеке есебін жүргізу;
- Қазақстан Республикасының банк немесе пошта байланысы мекемелерінің зейнетақыны дұрыс және уақтылы төлеуін бақылау;
- заңдарда белгіленген женілдіктер құқығы туралы құжаттарды зейнеткерлерге беру;
- зейнетақымен қамсыздандыру, зейнеткерлерді қабылдауды ұйымдастыру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды, арыздар мен шағымдарды қарau;
- зейнетақылық жұмыстың есебін ұсыну;
- ведомстволық зейнетақылық органдармен өзара іс-қимыл жасау.

12. Зейнетақы тағайындалғаннан кейін зейнеткерге белгіленген үлгідегі зейнетақылық куәлік беріледі, зейнетақы парагы толтырылады, оған прокуратураның тиісті қызметінің қаржы бөлімшесінің бастығы қол қояды, елтаңбалы мөр басылады және ол хабарлама қағазбен қоса банк немесе пошта байланысы мекемесіне жіберіледі (жеткізіледі).

13. Банк немесе пошта байланысы мекемесіне зейнетақы парагы келіп

түспеген жағдайда (банктің басқарушысы мен бас бухгалтері қол қойған құжатпен расталынады) жоғалған зейнетақы парагының орнына дубликат беріледі, оның жоғарғы он жақ бұрышында "Дубликат" деп көрсетіледі. Сонымен қатар, прокуратура байланыс органдары арқылы бұрын жіберілген құжатқа іздеу салады. Оны банк немесе поча байланысы мекемесі жоғалтқан жағдайда тиісті шара қолдану үшін бұл жөнінде олардың жоғары тұрған органдарына хабарлайды.

14. Алатын зейнетақының түрі өзгерген жағдайда банк немесе поча байланысы мекемелеріне хабарлама жіберіледі, онда жаңа зейнетақының түрі және мөлшері көрсетіледі.

15. Зейнетақы парагы төленуге тиісті зейнетақының толық сомасына жазылады.

Орындау құжаттары бойынша ұстап қалу қажет болған жағдайда олар тиісті банк немесе поча байланысы мекемесіне жіберіледі.

Алименттер - зейнеткерді күтіп-баққаны үшін берілетін ұстеме ақыны қоспағандағы зейнетақының барлық сомасынан ұсталады. Бұл жағдайда банк немесе поча байланысы мекемесіне зейнетақының ұстауға тиесілі сомасы көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Зейнеткерге артық төленген соманы зейнетақыдан ұстағанда банк немесе поча байланысы мекемесіне ұсталатын мөлшері көрсетілген хабарлама жіберіледі. Заңсыз алынған соманы қайтаруға зейнеткер өз еркімен келіскең жағдайда зейнеткердің тиісті міндеттемесі ресімделіп, ол жайында банк немесе поча байланысы мекемесіне хабарлама жіберіледі.

16. Егер зейнеткер бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан болса, онда орындау парагы оның жаза өтеп жатқан жеріне жіберіледі.

17. Зейнетақы парагы бойынша зейнетақы төлеудің бастапқы мерзімі зейнетақы парагына қол қойылып, банк немесе поча байланысы мекемесіне жіберілген күннің алдындағы бес айдан артық уақытқа белгіленбеуге тиіс. Бес айдан асатын мерзім үшін зейнетақы бір жолғы төленетін тапсырма бойынша төленеді.

18. Бензинге, автомобилдерді және мотокөліктөрді жөндеуге, техникалық баптауға, олардың қосалқы бөлшектеріне кеткен шығынның, сондай-ақ қөлікпен жүру шығынның орнын толтыруға құқығы бар мүгедек зейнеткерлерге өтем төлеу үшін банк немесе поча байланысы мекемесіне төленетін сома көрсетілген тапсырма жіберіледі.

IV. Зейнетақылық істерді жүргізу тәртібі

19. Зейнетақылық істерді ресімдеу, зейнетақылық құжаттарды

берау Қазақстан Республикасының Бас прокуроры белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Зейнеткер куәлігін жоғалтып алған жағдайда прокуратура басшысының рұқсатымен жаңасы берілуі мүмкін, ол жайында зейнетақылық іске белгі қойылады. Құжатты қайтадан берер алдында оның жоғалғандығына қызметтік тексеру жүргізіледі.

20. Зейнетақылық істер зейнетақы тағайындауға және оның мөлшерін қайта есептеуге, өтем төлеуге, үстеме ақыны белгілеуге қажетті құжаттармен жинақталады.

21. Прокуратура органдарының қаржы бөлімшелері әр жылдың 20 қаңтарына дейін Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының тиісті қызметіне өткен жылы атқарылған жұмыс жайында ақпарат беріп тұрады.

V. Зейнетақы тағайындау мен төлеудің дұрыстығын бақылау

22. Қазақстан Республикасының Бас прокуратуrases прокуратура органдарының зейнетақыны дұрыс тағайындауын, оны қайта есептеуі мен төлеуін бақылайды.

23. Жергілікті жерлерде зейнетақының дұрыс төленуін прокуратураның тиісті қызметтері бақылайды. Бұл қызметтер төленген зейнетақы парагына және бір жолғы төлем тапсырмасына хабарлама қағазды банк немесе пошта байланысы мекемесінен алғаннан кейін он күннен кешіктірмей тексереді. Зейнетакы төлегенде банк немесе пошта байланысы мекемесінің кінәсінен қателік жіберілгендейі анықталса, оларға бір айдың ішінде тиісті хабар жіберіледі.

24. Прокуратураның тиісті қызметтері төленген зейнетақы парагының хабарлама қағазын банк немесе пошта байланысы мекемесінің уақтылы қайтарғандығын - бақылау карточкасы бойынша, ал бір жолғы төлем бойынша зейнетақы төленген тапсырманың хабарлама қағазын - тапсырманың түбіртегі бойынша бақылайды.

Егер зейнетақы парагының немесе тапсырманың мерзімі өткен соң үш ай ішінде хабарлама қағаз прокуратураға келіп түспесе, оларды сұратып алу үшін шаралар қолданылады.

25. Зейнетақының артық берілген сомасының уақтылы және толық қайтарылуын бақылау үшін прокуратураның тиісті қызметі артық төленгендігі анықталған (банк немесе поча байланысы мекемелері қызметкерлерінің кінәсінен артық төленгендерден басқа) әрбір зейнетақылық іске жасалынған есеп карточкалары бойынша бұл сомаларды есепке алады. Карточкаға прокуратураның қаржы бөлімшесінің басшысы қол қояды және елтаңбалы мөр басылады.

26. Зейнеткерлерге зейнетақыны олардың тұрғылықты жеріндегі Қазақстан Республикасы Халық жинақ банкісінің мекемелері (филиалдары) немесе Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің поча байланысы мекемелері төлейді.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК